

## МЕМОРАНДУМ

о сотрудничестве между Алматинской городской коллегией адвокатов  
и Общественным объединением «Ассоциация инвалидов «ЕРЗИ»

город Алматы

28.09 2021 года

Алматинская городская коллегия адвокатов (далее — Коллегия) в лице Председателя Президиума Коллегии Неясовой Набиры Мырзахметовны, действующей на основании Устава с одной стороны, и

Общественное объединение «Ассоциация инвалидов «ЕРЗИ» (далее — Ассоциация) в лице Президента Ассоциации Игембергенова Ербола Бахытовича, действующего на основании Устава с другой стороны, далее совместно именуемые Стороны:

*осознавая проблемы*, с которыми сталкиваются инвалиды и их семьи;

*подчеркивая* важность актуализации проблем инвалидности как составной части соответствующих стратегий устойчивого развития общества;

*признавая* необходимость поощрять и защищать права инвалидов, в том числе нуждающихся в более активной поддержке;

*будучи озабочены* тем, что, несмотря на различные документы и начинания, инвалиды продолжают сталкиваться с барьерами на пути их участия в жизни общества в качестве равноправных членов и с нарушениями их прав;

*придерживаясь принципов*: оказания и доступности юридической помощи; законности, гуманности и соблюдения прав человека; доступности и равных прав инвалидов, наряду с другими гражданами; запрещения дискриминации по признаку инвалидности;

*подтверждая* общую приверженность развития Казахстана как демократического, светского, правового и социального государства, согласились о нижеследующем:

Предметом настоящего меморандума является сотрудничество между Сторонами в целях формирования правовой культуры, защиты и содействия в реализации прав, свобод и законных интересов Ассоциации и ее членов.

Задачи Меморандума:

- повышение юридической грамотности членов Ассоциации;
- облегчение доступа Ассоциации и ее членов к правосудию;
- оказание комплексной социальной юридической помощи членам Ассоциации.

Юридическая помощь оказывается в виде:

- 1) правового информирования и консультирования;
- 2) защиты и представительства интересов Ассоциации и ее членов в судах, органах уголовного преследования, иных государственных органах и негосударственных организациях в случаях и порядке, установленных законодательством Республики Казахстан.

Юридическая помощь оказывается адвокатами Коллегии членам Ассоциации, являющимся инвалидами I, II, группы на принципах безвозмездности и добровольности.

Основанием для оказания юридической помощи является наличие письменного или устного обращения лица в Коллегию, через Ассоциацию.

Ассоциация обеспечивает прием и регистрацию обращений, а также ведет предварительную запись.

Коллегия принимает меры к организации предоставления адвокатами Коллегии квалифицированной юридической помощи.

Форма оказания юридической помощи: устная, в том числе онлайн, письменная.

Настоящий Меморандум вступает в силу с даты его подписания обеими Сторонами и действует до момента его расторжения по обоюдному согласию Сторон или по желанию одной из Сторон с предварительным уведомлением другой Стороны не менее чем за 15 дней до предлагаемой даты расторжения.

В настоящий Меморандум по взаимному согласию Сторон могут быть внесены изменения и дополнения, путем подписания соответствующих дополнительных соглашений, которые будут являться неотъемлемой частью настоящего Меморандума.

Текст Меморандума составлен в двух экземплярах на русском языке по одному экземпляру для каждой Стороны.

Подписание совершено в городе Алматы \_\_ июля 2021 года.

#### ПОДПИСИ СТОРОН:

Алматинская городская коллегия  
адвокатов

Общественное объединение  
«Ассоциация инвалидов «ЕРЗИ»

Председатель Президиума

Президент



Алматы қалалық адвокаттар алқасы мен «ЕРЗИ» мүгедектер Қауымдастығы»  
Қоғамдық Бірлестігі арасындағы ынтымақтастық туралы  
**МЕМОРАНДУМ**

Алматы қаласы

22 09 2021 жыл

Жарғы негізінде әрекет ететін Алқа Президиумының Төрайымы Неясова Набира Мырзахметовна тұлғасындағы Алматы қалалық адвокаттар алқасы (бұдан бұлай — Алқа) бір тараптан және

Жарғы негізінде әрекет ететін Қауымдастық Президенті Игембергенов Ербол Бахытович тұлғасындағы «ЕРЗИ» мүгедектер Қауымдастығы» Қоғамдық Бірлестігі (бұдан бұлай — Қауымдастық) екінші тараптан, бұдан бұлай бірлесе отырып Тараптар деп атала отырып:

мүгедектер мен олардың отбастары тап болатын мәселелерді түсіне отырып;

мүгедектер мәселелерін көкейтесті ету қоғам дамуының сәйкес стратегияларының құрам бөлігі ретіндегі маңыздылығын баса айта отырып;

мүгедектердің, соның ішінде барынша белсенді қолдауды қажет ететіндерінің құқықтарын қолдау және қорғау қажеттілігін мойындай отырып;

әртүрлі құжаттар мен бастамаларға қарамастан, мүгедектер өздерінің қоғам өміріне тең құқылы мүшелер ретінде қатысу жолында кедергілерге және олардың құқықтарының бұзылуына тап болып отырғанына алаңдаушылық білдіре отырып;

заңгерлік көмек көрсету және оның қолжетімділігі; заңдылық, адамгершілік және адам құқықтарын сақтау; мүгедектердің құқықтарға басқа азаматтармен қатар қол жеткізуі мен теңдігі; мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікке тыйым салу қағидаларын ұстана отырып;

Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына деген жалпы бейілділігін растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

Осы Меморандумның мәні болып құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қауымдастық пен оның мүшелерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастық табылады.

Меморандум міндеттері:

- Қауымдастық мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру;  
- Қауымдастық пен оның мүшелерінің әділеттілікке қол жеткізуін жеңілдету;

- Қауымдастық мүшелеріне кешенді әлеуметтік-заңгерлік көмегін көрсету.

Заңгерлік көмек келесі түрде көрсетіледі:

- 1) құқықтық ақпараттандыру және кеңес беру;
- 2) қауымдастық пен оның мүшелерінің мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес

ұйымдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіпте қорғау және таныту.

Заңгерлік көмек Адвокаттар алқасының адвокаттарымен Қауымдастықтың I, II топтағы мүгедектер болып табылатын мүшелеріне өтеусіздік және еріктілік қағидасы негізінде көрсетіледі.

Заңгерлік көмек көрсету негізі болып тұлғаның алқаға Қауымдастық арқылы жазбаша немесе ауызша өтінішінің болуы табылады.

Қауымдастық өтініштерді қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етеді және алдын ала жазуды жүзеге асырады.

Алқа адвокаттар Алқасының білікті заңгерлік көмегін ұсынуын ұйымдастыруға шаралар қабылдайды.

Заңгерлік көмек көрсету пішіні: ауызша, соның ішінде онлайн, жазбаша.

Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың екі жақты келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша оны бұзудың болжамды күнінен кемінде 15 күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ете отырып бұзу мезетіне дейін әрекет етеді.

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша тиісті қосымша келісімдерге қол қою арқылы осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Меморандумның мәтіні әрбір тарапқа бір данадан арналған орыс және қазақ тілдеріндегі екі данада құрастырылды.

Қол қою Алматы қаласында \_\_\_\_\_ 2021 жылы жүзеге асырылды.

### ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ:

Алматы қалалық адвокаттар «ЕРЗИ» мүгедектер Қауымдастығы»  
алқасы Қоғамдық Бірлестігі

Президиум Төрайымы

Президенті

 Н. Неясова

 Е. Игемберенов

